

АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№16(26) 19 сәуір 2024 жыл

Аудандық ардагерлер кеңестерінде

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Жыл басын Наурыздан санайтын болсақ, Кеген аудандық ардагерлер кеңесінің өткен жылғы атқарған жұмыстарына баға берер уақыт келген сияқты. Жыл басынан бері арнайы жасалынған жұмыс жоспары төрт тоқсанға бөлінді. Солар рет-ретімен, өз мезгілінде жүзеге асырылып отырылды деуге негіз бар.

Жыл басында ауданымызда салауатты өмір салтын насихаттау, спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында Жалаңаш ауылында ардагерлер мен ақсақалдар арасында кезекті шахмат пен дойбыдан аудандық жарыс өткізілді.

Аудандық жарысқа барлық ауылдық округтерден дойбы мен шахмат ойнайтын ардагерлер мен ақсақалдар жиналды. Жарыстың салтанатты ашылуында аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Қабылбеков Кенес Күнесбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, ардагер спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарыс жеңімпаздары және барлық қатысушылар аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының дипломдарымен және ұйымдастырушылардың бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Кезекті жарыс қарттар күні мерекесіне байланысты, эстафета Шырғанақ ауылдық округіне тапсырылды.

12-наурызда Кеген ауылында салауатты өмір салтын насихаттау, спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында Наурыз мерекесіне арналған волейболдан ардагерлер арасында аудандық жарыс ұйымдастырылып өтті. Жарыстың салтанатты ашылуында аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының директоры Мұқанқожаев Гайдар Әріпбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа 8 команда қатысты. Жарыстың қорытындысында 1-орынды Алғабас ауылының командасы алса, 2-3-ші орындарды Жылысай мен Суықтоғай ауылдарының командалары бөлісті. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері аудандық «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» КММ-нің кубоктарымен, дипломдарымен, медальдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Одан бөлек үздік ойын өрнегін көрсеткен ойыншылар да аталып, сый-сыяпаттарға ие болды.

Аудандық ардагерлер ұйымы жыл басында жасалған жұмыс жоспарына сәйкес аудан көлемінде 2023 жылдың 2-тоқсанында да біршама іс-шаралар ұйымдастырды.

Сәуір айында Тасашы ауылдық округінде «Қазақтың ырым-тиымдары» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылып, оған 12 округтен белсенді ақсақалдар мен әжелер қатысты. Онда қазақ халқының салт-дәстүрінде қолданылатын ырымдары мен тиымдары туралы айтылып, оларды сахна төрінде елге көрсетіп берді. Әсіресе, ырым-тиымдарды осы шараға қатысқан ауыл жастары зерделеріне құйып, оны өмірге пайдалану оң нәтижелер берілетіндігіне назар аударды.

Ұлы жеңістің 78 жылдығына орай 9-мамыр күні өткен іс-шараларға аудан халқы жаппай қатысып, соғыста қайтпай қалған жауынгерлерге тағым етіп, ауылдарда қойылған ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, құран бағыштап, үнсіздікпен еске алды. Соңынан мерекелік түрлі ойындар ұйымдастырылып, арты көркемөнерпаздардың концертіне ұласты.

Мамыр айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты дөңгелек стол Шырғанақ ауылында ұйымдастырылды. Оған ауылдағы ата-аналар, мұғалімдер, ақсақалдар қатысып, өз ойларын ортаға салды. Әсіресе қазіргі жастардың еңбекке деген көзқарасы, жұмыс істеуге деген құлықсыздығы сөз болды.



31 мамыр күгін-сүргін құрбандарын еске алу күнін аудан жұртшылығы аудан орталығында орналасқан ескерткішке гүл шоқтарын қойып, үнсіздікпен еске алып, құран бағыштаудан бастады. Оған аудан елді мекендерінен келген адамдар қатысты. Жазықсыз атылып кеткен Қапез Байғабылұлының әндері айтылып, көпшілікті қалың ойға қалдырды.

4 маусым ҚР Рәміздері күні аудан көлемінде аталып өтті. Барлық округтерден келген ақсақалдар, жастар аудан орталығындағы алаңда жеңіл көліктермен тізіліп, сап түзеп, туды биік көтеріп, әнұранды шырқады.

Тұйық ауылдық округінде ақсақал аталардың жас жеткіншектерді ежелден келе жатқан қазақ халқының қолөнеріне баулу бойынша ауыл ақсақалдарының жастармен кездесуі болды. Ауыл ақсақалдары өздерінің жасаған қолөнерлерін жастарға көрсетіп, олардың қыр-сырымен таныстырды.

Сонымен қатар, 2-ші тоқсанда аудан ардагерлер кеңесі әрбір ауылдарда болып, халықпен кездесіп, олардың ой-пікірлерін тыңдап, проблемалық мәселелерін тиісті мемлекеттік орындарға жеткізіп, оның орындалуына ықпал етіп отырды.

Аудандық ардагерлер ұйымы жыл басында жасалған жұмыс жоспарына сәйкес аудан көлемінде 2023 жылдың 3-тоқсанында біршама іс-шаралар ұйымдастырды.

Шілде айында Қарқара жайлауында «Қымыз фестивалі» шарасы ұйымдастырылып, оған облыстық ардагерлер ұйымы және ауданның 12 округтен белсенді ақсақалдар мен әжелер қатысты. Онда қазақ халқының салт-дәстүріне арналған шеберлік сағаттары көрсетілді. Шеберлік сағатына қатысқандарға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Тамыз айында Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында өткен «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты қолданбалы өнер шеберлерінің көрмесі және «Баталы ел көгерер» атты облыстық ардагерлер ұйымы өткізген шараға Кеген ауданының ардагерлері де қатысып, жүлделі орындарға ие болып қайтты.

Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай аудандық мәдениет үйінде облыстық тіл фестивалі өткізілді. Игі шараға зиялы қауым өкілдері, аудандық ардагерлер ұйымы, тіл жанашырлары қатысты.

13 мен 16 қыркүйек аралығында ау-

дандық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшелері еліміздегі ұлы тұлғалардың кесенелері мен қасиетті мекендеріне табан тіреп, зиярат ету мақсатында Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларына барып қайтты.

Қыркүйек айының 23 күні Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласында Алматы облыстық ардагерлер фестиваліне және шахмат пен дойбыдан өткен облыстық ардагерлер жарысына Кеген ауданының ардагерлері қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Сонымен қатар, 3 тоқсанда аудан ардагерлер кеңесі әрбір ауылдарда болып, халықпен кездесіп, олардың ой-пікірлерін тыңдап, проблемалық мәселелерін тиісті мемлекеттік орындарға жеткізіп, оның орындалуына ықпал етіп отырды.

4-ші тоқсанда да біршама іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 1 қазан-Дүниежүзілік қарттар күніне аудандағы 12 округте және шағын ауылдарда ардагерлердің басын қосқан жиын болып, онда ауыл әкімдері қарттарды мерекесімен құттықтады. Артынан сый-сыяпат ұйымдастырылып, дастарханнан дәм татты.

Аудан орталығы Кеген ауылында әр ауылдан жиналған қарттар бас қосып, аудан әкімінің құттықтауына ие болып, аудан әкімінің сый-сыяпатымен марапатталды.

Бір сөзбен айтсақ, өткен жылғы атқарылған істерге өкпе жоқ. Шама келгенше біраз жұмыстар атқарылды. Осы бағыттағы жұмысымыз биыл да өз жалғасын таппақ.

С. ДОСЫМБЕКОВ,
Кеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысынан Батыс Қазақстан облысына 130 тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді

- Алматы облысынан Батыс Қазақстан облысына жалпы көлемі 130 тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді.-деп хабарлайды KAZINFORM Қонаевтан.

Алматы облысы әкімдігінің мәліметінше гуманитарлық көмектің 100 тоннасы темір жол арқылы, 30 тоннасы «Алтын орда» сауда базары ұйымдастырған жүк көлігімен жөнелтілді. Сондай-ақ, облыс кәсіпкерлерінің қолдауымен арнайы қорға 30 млн теңге қаржылай көмек аударылды.




«Бүгін су тасқыны болған аймақтарға көмек көрсету мақсатында облыстан 15 волонтер аттанатын болады. Гуманитарлық көмекті жинауға облыстың 9 ауданы, 1 қаласы, кәсіпкерлер, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, «AMANAT» партиясының мүшелері, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының облыстық филиалы мен қайырымды жандар өз үлесін қосты», - деп хабарлады Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Гуманитарлық көмекті жинақтау үшін құрылған «Күшіміз-бірлікте» волонтерлар штабының жұмысын ұйымдастыруға кәсіпкерлік, жұмылдыру дайындығы, ішкі саясат басқармалары, баспасөз қызметі, Қонаев қаласының әкімдігі қолдау көрсетті. Штаб жұмысына 300 ден астам волонтер қатысты.

Водохранилище «Курты» обследуют в Алматинской области

Одно из самых больших и важных гидрологических сооружений Алматинской области-водохранилище «Курты». Контрольное обследование состояния Куртинского водохранилища в Алматинской области планируют начать осенью. Для этой цели из республиканского бюджета выделены 40 миллионов тенге, сообщает «24KZ».



Нужны ли берегоукрепительные работы-станет ясно после результатов экспертизы. Реконструкция водохранилища позволит увеличить объем подаваемой воды для сельскохозяйственных угодий. Этот вопрос аграрии Илийского и Жамбылского районов поднимают уже нескольких лет. Объем чаши водохранилища 120 миллионов кубометров. В этом году наполнение составило около 100 миллионов. Для удовлетворения потребностей сельского хозяйства необходимо собирать минимум 110 миллионов кубометров. Однако возникает вопрос-выдержит ли плотина такую нагрузку? Поскольку это гидрологическое сооружение построено в 67-м году прошлого века. Проведение экспертизы позволит определить состояние водохранилища.

Су тасқынынан зардап шеккен өңірдің балалары Алматы облысында демалады - Су тасқыны болған аймақтардың оқушылары Алматы облысында орналасқан жыл бойына жұмыс істейтін лагерлерде демалады.-деп хабарлайды KAZINFORM Қонаев қаласынан.

Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, 9 бен 15 жас аралығындағы 70 бала Еңбекшіқазақ ауданы, Түрген ауылындағы «Тау жанашар» балалар белсенді сауықтыру лагерінде демалады. Оқушыларды орналастыру жұмыстары сәуір айының 10 мен 25 аралығында жүзеге асады.

«Сондай-ақ 10-шы сәуірден 10-шы мамырға дейін «Тау-Тұран» балалар лагерінде 100 бала демалады деп жоспарланып отыр», - деп хабарлады облыстық әкімдіктен.



БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

ЕЛ АНАСЫ
ТАҒЫ ДА
ЕРЛЕДІ



2 бет

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ
АТАҢҒАН ТҮРКІ
МЕМЛЕКЕТІ



3 бет

АУЫЛДА
ӨТКЕН
СПОРТ
ДОДАСЫ



4 бет

Күшіміз-бірлікте!

ЕЛ АНАСЫ ТАҒЫ ДА ЕРЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Үндеуін қазақстандықтардың бірауыздан қызу қолдап, нақты істерімен қуаттап жатқанын бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырған іс – қимылдарынан айқын да анық көрінуде.

Саяси маңызы зор бұл Үндеуге Қарасай ауданының халқы да ұйымшылдық тұрғысынан үн қатып, жұдырықтай жұмылу үстінде. Қашан да жақсылықтың жаршысы әрі жанашыры болып жүретін, өткен жылы ғана Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің тұңғыш рет тағайындаған «Ел анасы» белгісі Қарасай аудандық аналар кеңесінің төрайымы, абайтанушы, білім беру ісінің үздігі, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, 85 жастағы Ақылия Бекбайқызына

тарту етілген еді. Ол бұл құрметке өте лайықты. Оның халықтың қамы үшін атқарып жатқан жұмыстары айтуға тұрарлық.

Ел анасы мемлекет басшысының Үндеуіне байланысты тағы да ерледі. Ақылия Бекбайқызы табан астында ардагерлер ұйымдарының төрағаларымен, әжелер алқаларының төрайымдарымен, Ауған соғысы ардагерлерінің жетекшілерімен бас қосу өткізіп, су тасқынынан ауыр жағдайда қалған халыққа шұғыл түрде гуманитарлық көмек көрсетуге кірісудің мән-жайын айтты. Мұны құп көрген Сағат Мәсімақынов, Базаркелді Әнешов, Елтай Хасенов, Серік Расмұханбетов, Амангелді Толынбеков, Леміс Әбдікерімов, Егінбек Егеубеков, Қанат Қатубаев секілді төрағалар мен Елена Шыншырбаева, Гүлжан Сүпиева, Нағима Сағатова, Салиха Тойымбетова, Фатима Үмбетжанова, Райса Сығайева, Батиха Нуртаева секілді төрайымдар жоғары белсенділіктерін көрсетті.

Осындай ортақ мақсаттағы ұйымшылдықтың нәтижесінде ардагерлер 40 қап ұн, 20 қап күріш, 20 қап қантты су алып жатқан өңірлерге көмекке жіберді. Бұл абыройлы істің басы-қасында ел анасы Ақылия Бекбайқызы жүрді.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.



Тұздыбастау-Батыс: Күшіміз-бірлікте!

ТҰЗДЫБАСТАУДАН КӨМЕК ЖОЛҒА ШЫҚТЫ!

Апат айтып келмейді. Көктемнің келуі қазақ елінің топырағына өз нәубетін қоса ала келді. «Жауын-шашын мол болса, бұл Алланың берген ризығы, көк қалың шығып, малдың қондануына игі әсерін береді» дейміз кейде. Үнемі олай бола бермейтін көрінеді. Оны дәл қазіргі уақытта көз көріп отыр. Биылғы көктемде қыста жауған қардың қалыңдығынан еріп, суға айналып, жер-көкке сыймай жатқан жағдайы бар. Ақпарат көздеріне сүйенсек, республиканың оншақты облыс-аймақтарында бұл алапат өз үстемдігін туғызып, қаһарына мініп жатқаны анық. Бұл Орталық Қазақстанға, Батыс Қазақстанға, Солтүстік Қазақстанға тән дүниелер болса, қары әлі сіресіп жатқан Шығыс Қазақстанда да осындай алапат болуы мүмкін деген болжам айтады синоптиктер.

Осы жағдай ел басындағы билікте отырғандарға ғана емес, қара халыққа да сынақ болып отыр. Ел елдігін танытатын мезгілдің жеткенін жан-тәнімен сезінген республиканың басқа өңірлеріндегі қара халық биліктің әрекетін күтіп отырмай, бұл жағдайдан сырт қалмай, қолдан келгенше көмектерін беріп жатыр.

Бұл шарадан біздің Алматы облысының жұртшылығы да шет қалмай, оның әр ауданынан, тіпті әр ауылынан белсенділер шығып, халықты осы шараға атсалысуын шақырып, көмек қолдарын созу миссиясын қолға алып жатқаны тағы анық.

Сондай тірліктің бірі Талғар ауданының Тұздыбастау елді мекенінде де жалғасын тапқанын көз көріп, құлақ естіді. Белсенділер атанған ауыл жастарының бір тобы төртбес күн бойы таңның атысынан кештің батуына дейін ауыл орталығындағы «Шах» сауда орталығының алдында ел-жұрттың әкеліп, тапсырып жатқан дүниелерін қабылдап, жөнелтуге әрекет етті. Сауда орталығының ғимараты қабырғасында ілулі тұрған «Тұздыбастау-Батыс: Күшіміз-бірлікте!» атты жарнаманың өзінен-ақ осы мәселенің маңыздылығын аңғартатыны байқалды.

Батыстың жұртшылығына қазіргі таңда ең керегі күрек, қап, құрылыс заттары болғандықтан ол жағына да назар аударылуда. Тек осы заттармен шектелмей, киім-кешек, азық-түлік тауарлары да жиналуда. Осы миссияға атсалысуға ауыл жұртшылығына үш күн мерзім бергенбіз.-дейді осы жұмыстың басы-қасында болып, ұйымдастыру ісімен айналысып жатқан ауыл жастарының бірі Талғат Мұсақұлов -Алғашқы күні ақ ел-жұрттың белсен-

ділігін анық байқадық. Ел басына күн туған уақытта алыстағы бауырларымызға көмек қолымызды созу арқылы адам алдында да, Құдай алдында да үлкен адами сауапты іс жасап жатқанымызды сезініп отырмыз. Әрине, біздің берген жәрдеміміз тамшы су секілді. Ауыр жағдайдың алдында малсыз, баспанасыз қалған халықтың әлеуметтік жағдайына үлкен ауқымды көмекті Үкімет жасар деген үміттеміз. Бұл жөнінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде айтқан болатын.

Осы жұмыстың басы-қасында өзіміз тілдескен Талғатпен қатар Серік Әміров ағалары бастаған Алматы Бисадыров, Қайсар Атамқұлов, Нұрғали Оразбай,

да осындай бастама көтеріліп жатқанын естіген көрші Кеңдала, Талғар, Бесағаш ауылдарындағы кейбір жанашыр азаматтар да үн қосып, келіп, өз үлестерін қосып жатқанын көз көрді. Негізгі жөнелтілетін тауарлардың басым бөлігі Тұздыбастау ауылының жұртшылығының көмегімен жиналды. Ол жаққа қажет дүниелер негізінен күрек, қап, қолғап, мандайшам, резеңке етіктер, шелек, құрылыс арбасы, үрлемелі қайық, су соратын агрегаттар, құтқарғыш кеудешелер, азық-түлік түрлері, киім-кешек болғандықтан осы дүниелердің жиналуына баса назар аударылды. Одан бөлек 5 жарым миллиондай ақша жиналды. Оның 4 миллионына қосымша тағы ол жаққа керекті заттар, қалған қаржыға азық-түлік, дәрі-дәрмек сатып алынды. Қалғаны жолға, көліктің амансау барып қайтқанына жұмсалмақшы.

Бір ауылдан жиналған көмегі бар ұзын фургон көлігіндегі ауыл азаматтары ел аманатын арқаалап, үш мың шақырымнан асатын жолға түсіп, ата-баба рухына құран бағыштап, сапарға шыққалы отырған оларға бата беріліп, Батысты бетке алды.

Адамның азаматтығы, адамшылығы басына іс түскенде сыналады. Ел басына сын сағаты тақалғанда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, көмек қолын

Жанат Тұрмағамбетов, Қайрат Төлендиев, басқа да аттары аталмаған жастар бастамашыл топ құрып, соның нәтижесін көріп отырған жағдайымыз бар.

Бір ерекшелігі, ел басына күн туған осы бір сынақта осы ауылда тұратын халық ұлттарына қарамастан ортақ іске өз үлестерін қосып, азаматтық танытулары жанынды сүйсіндіреді. Олардың арасында қазақ, ұйғыр, орыс, дүнген, түрік ағайындар да бар. Тіпті осы ауыл-

созып, азаматтық миссия орындап, елдігін танытып жатқан Талғар ауданының Тұздыбастау ауылы жұртшылығының бұл ісіне ризашылықтан басқа айтары жоқ. Азаматтық деген, абырой деген-осы! Аманат арқаалаған азаматтар аман барып, сау қайтсын!

Алтынбай ШӘКЕНУЛЫ,
Талғар ауданы.
Тұздыбастау ауылы.



Наши ветераны

Если спросить, кто в городе Алатау (преименованном из села Жетыген) самая активная из женщин, то местные жители наверняка укажут на неё. Итак, знакомьтесь, Патима Режетовна Арсмазы. По национальности - дунганка, по вере - мусульманка, по духу - патриотка, по роду деятельности - активистка и общественница. И еще бы добавил, в душе - гуманистка!

ДОБРОТА СПАСЕТ МИР!

Она давно уже на пенсии и никто бы не осудил, реши она сесть дома, махнув рукой на былые дела и заботы со словами: «С меня хватит!» А нет! Покой ей, как говорится, только снится...

Она многодетная, с пятью детьми, мама и уже (Аллаға шүкір!) бабушка 16 внуков! К слову, в семье ее родителей было 10 детей!



Рассказывать подробно ее биографию долго. В двух словах так: работала в поле с 14 лет, училась в школе. После 8 классов попробовала себя в роли учетчицы в полеводческой бригаде совхоза «Рассвет». Грамотных людей, говорит, было тогда маловато, поэтому привлекли ее - школьницу.

Какое-то время трудилась на фабрике «Жетысу». Был период учебы в торговом техникуме, в ПТУ. Но детская мечта ее - стать актрисой, разбилась о реалии жизни. Выращивала бахчевые, овощи. Работала в совхозе поваром, заведовала сельской пекарней, добившись там хороших производственных результатов.

За что ее, к слову, наградили ковром - дефицитным товаром в то время. Сейчас это звучит странно...



Вышла замуж, родила дочь. В 1989 году пришла на работу в Республиканский союз многодетных матерей города Алматы. Опыт работы на таком уровне не прошел даром. И в 2001 году, когда Патима по семейным обстоятельствам вернулась домой, в Жетыген, родилась идея создать подобную структуру, чтобы помочь сельским женщинам самореализоваться, поднять их правовую грамотность, уровень защиты в новых только зарождающихся рыночных условиях и т.д. С этого времени можно сказать, берет отчет ее Общественное Объединение «Женщины села. Мир».

«Вот так я продолжаю совмещать и учебу, и работу, и общественную деятельность, – поделилась Патима Режетовна. - Имею кучу сертификатов, десятки грамот и благодарностей. Оказали и оказываем сотням (а то и, за более два десятка лет, тысячам) людей, жителям сельской местности, помощь. Особенно малообеспеченным, многодетным семьям, детям-сиротам, с ограниченными возможностями и т.п. Здесь и культурно-оздоровительные, познавательные поездки в город, в парки, музеи, цирк, театры, на отдых на Алаколь. Раздача благотворительной одежды, продуктов, школьных принадлежностей. Хотелось бы, пользуясь случаем, поблагодарить через газету «Алатау Ардагері» людей, много лет оказывающих помощь нашему Общественному Объединению «Женщины села. Мир». И самым первым из таких спонсоров был учредитель ТОО «Фирма Бент» Дильмурат Пирмухаметович Кузиев.

Признательны также акимату города Алматы, руководством зоопарка культуры и отдыха, Алматинского городского, дельфинария, Дворца республики, Театра драмы имени Мухтара Ауэзова, Театра юного зрителя, Театра русской драмы имени Михаила Лермонтова, теплицы поселка Отеген батыр, фабрики по производству маргарина, кондитерской фабрики «Рахат» и другим.

Отдельное «спасибо» предпринимателям села Жетыген и секретарю районного маслихата Розе Абиловой, депутату по Жетыгенскому избирательному округу».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Илийский район

Жошы ұлысына-800 жыл

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ АТАНҒАН ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТІ

Шыңғыс хан империясын қалыптасқан дағдымен «моңғол империясы» деп атағанымен, тарихқа шынайы талғаммен, шындықпен қараушы ғалымдар оның түркі-моңғол империясы екенін алға тартады. Егер оны «моңғол империясы» деп қараған күннің өзінде оны қалыптастырушы топ пен тіректі күштердің түркілер екенін ескерсек, бәрі бірде түркілер құрған алып ел саналады. Бүгінгі ұлт ұғымымен қарағанда билеушісі моңғол ұлтын құраушы тайпалардан шыққандықтан соған тәуелді, бағынышты аталды.

Рашид ад-дин дерегі бойынша сол тұстағы түркі ру-тайпалары өздерін билеуші тайпаның өкілі етіп көрсету мақсатында «татар» немесе «мұғұл» сынды ортақ тайпа атымен аталуды «мәртебе, атақ, абырой» санайтын болған. «Алайда бұл олай емес, өйткені мұғұлдар ертеде (Ұлы) далада мекен еткен барша түркі халықтарының ішіндегі бір қауымы (руы ғана) болған.[1]

Шыңғыс хан керейттер мемлекетінің қағандығы ғана емес, әскери әмірлерін де қолына алып, әуелі найман ханы Таяң ханға шабуыл жасап, оған жеңіліс таптырды. Оның армиясының да бағынышты болған бөлегін өзіне қосып алды. Керейттердің қуатты қосынын өзге де туыстар түркілермен толықтырған Шыңғыстың ендігі екпіні тау суындай тақынды. Меркіт, Танғұт, Қырғыз, Ұйғыр сынды елдерді бірінен соң-бірі бағындырды.

Сөйтіп, бүгінгі күнгі түркілік ұғымымен қарағанда бағынған, оның қол астына кіріп, жауларына ортақ атойлаған жауынгерлер легінің 90 пайызы түркі әскерлері болды. Төртіншісі, төрт ұлын арқау еткен жүздік, мыңдық, түмендік әскер басыларына ғана өзінің ең сенімді адамдарын тағайындап, жер қайысқан қалың қолды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстады.

«Моңғолдың құпия тарихында» (239 үзік): «Қоян жылы (1207 жылы) Жошы оң қанат қолды бастап, орман елдерін бағындыруға аттанды. Өзіне Бұқаны жол бастаушы етіп алды... Шықшыт деген жерге жетті, Жошы-Ойрат, Бұрат, Барқұн, Урсут, Қом-Қанас, Қанғыс, Тұбас тайпаларын өзіне бағындырып, Түмен қырғыздарының жеріне жетті. Қырғыз нояндары Иеди, Инат, Алдир, Олебек тегін қатарлылар келіп бас иіді, ақ қаршыға, орауыз кер ат, кара суыр, тиін терілерін ала келіп, Жошыға сый-сияпат жасады. Жошы тағы да Сібір, Қастейін, Байт, Тұқыс, Тенлік, Төлес, Тас, Бажит тектес оңтүстік орман елдерін де бағындырды. Шыңғыс хан Жошыға ықыласы ауып, «сен менің үлкен ұлымсың, бұл болса алғаш жорыққа шығуың». Ат тұяғың жеткен жерлерді, ондағы мал-жанды, күллі бағынған орман елдерін түгелімен саған сыйладым!», – дейді[9]. Осыдан кейінгі Шыңғыс хан



жорығы әуелі Қытайға бағытталды. «Шыңғыс ханның балалары Жошы, Шағатай және Үгетай үшеуі алдымен Тун чаң, Тужту, Суан ди фу және Йүң жиу қалаларын иеленді»[10]. Шыңғыс ханның қытай еліне жасаған жеңісті шерулері жалғаса берді. «... Одан соң (Шыңғыс хан) Жошы, Шағатай мен Үгетайды оң қанаттағы тауға, сол жақта орналасқан аймақтарды бойсұндыруға жіберді. (Содан) олар Бау жиу қаласынан бастап Хуай миңжу қаласына дейінгі аралықтағы барлық қалалар мен қамалдарды басып алды»[11].

Басым пайызы түркілерден болған Жошы қолы осыдан кейін де жеңісті шайқастары арқылы талай ел мен жерді бағындырды. Ең бастысы Шыңғыс қолының алдыңғы легіндегі «арыстан ұлдың» әке үмітін ақтап, оның сенімімен күрес жүргізуі – біздің тақырыбымызға орай айтқанда кейінгі – «Жошы ұлысы» аталған жаңа түркі мемлекетінің іргесін қалау негіздері еді. Оның ерліктері кейіннен өзінің басқару аймағына өткен Отырар, Жент, Баршылық қалаларынан алуда да аңызға айналды.

Рашид ад-дин еңбегінде: «Ханзада Жошының Жент пен Баршылық қалаларына бет алуы және олардың азат етілуі жайлы хикая»[12] ол жүргізген сәтті жорықтардың бірі еді.

Көп ұзамай Жошы Хорезмді алу шайқасына да аттанады. Самарқан алынғаннан кейінгі ендігі бір тақырып: «Шыңғыс ханның ұлдары Жошы, Шағатай мен Үгетайды Хо-

резм тарапына жіберуі және ол елдің азат етілуі»[13] деп өрбиді.

Сәл шегініс жасап, он ғасырға жуық өсекке мұрындық болған Жошының дүниеге келуіндегі күдікті әңгімеге азырақ орын берсек, Рашид ад-дин оның баянын да нақты жеткізеді.

Аңызда айтылғандай Жошының шешесі Бөрте фузин меркіттердің қолына түскеннен кейін, керейттермен жаулығы саябырлап, жақсы қарым-қатынасқа түсе бастаған меркіт жағы Бөртені Тұғырыл ханға сыйға ұсынады. Сол тұстағы Тұғырыл ханның бүкіл әлемді аузына қаратып, атақ-даңқы аспан тіреп тұрған қаһарлы хан екенін ескерсек, бұл арада меркіттердің Бөртеге ойына келгенін істеп алып, одан соң ханға сыйға беруі немесе меркіттерден жүкті қылып барып Тұғырылға сыйлауы мүлде мүмкін емес еді. Керейт мемлекетінің айынынан ығысатын меркіт сынды елдердің сол шақтағы жағдай бойынша Тұғырылдың шамына тиюі ажалына асыққанмен бірдей болатын.

«Олар (меркіттер – ред) Бөрте фузинді Оң ханға берді. Ол Шыңғыс ханның әкесімен екеуі анда болғандықтан, әрі Шыңғыс ханды ұлым деп атағандықтан, ол Бөрте фузинді сыйлайтын әрі құрмет ететін. Содан оны жаңа түскен келіннің жағдайында ұстап, өзгелердің көзінен қорғап отыратын. Ол өте пәк (таза) және қабілетті болғандықтан (Оң ханның) әмірлері өзара:

– Неліктен Оң хан Бөрте фузинді алмай жатыр? – дейтін. Ол (Оң хан):

– Ол менің ұлымның жас келінінің дәрежесінде және біздің алдымызда қауіпсіздікте, оған арам ойлармен қарау бекзаттық емес, – деді»[14].

Осы жолдардан талай шындықты аңғаруға болады. Ең бастысы, мұнда Бөрте фузиннің «өте пәк (таза) және қабілетті» екені айтылады. Сондықтан да Тұғырыл ордасындағылар сыйға келген оны орда ханымы ретінде қабылдауға дайын екендіктерін жеткізеді. Ал Тұғырыл хан болса: «Ол менің ұлымның жас келінінің дәрежесінде және біздің алдымызда қауіпсіздікте, оған арам ойлармен қарау бекзаттық емес» дегенді айтады. Мұнда Шыңғыс пен Тұғырылдың арасындағы әке-балалық қарым-қатынастың өте жақындығы мен түркі халықтарындағы тектілік, адалдық, бекзаттық бірден көзге ұрып тұр. Тіпті қазақтар өмірінде қазірге дейін жалғасып келе жатқан ата мен келін арасындағы ар-ибадан аттамайтын әдеп ерекше айшықталады. Тұғырыл хан турасында айтқанда оның кейбір тарихтарда бұрмаланғанындай осал емес, «досқа адал, жауға қатал», пенделіктен аулақ нағыз ханға лайық таза болмысын көрсетеді.

Осыдан кейінгі оқиға желісі былайша жалғасады: «Шыңғыс хан бұл жағдай жайлы хабардар болғанда, ол Оң ханға Бөрте фузинді қайтарып беру туралы өтінішпен жалайырлар руының үнгіттері қатарынан болған, Арғын ханның бабалық шағында Абақа ханның бұйрығына сәйкес оның ордасының әмірі және Хорасан мен Мазандаранда әкім болған Сартақ ноянның атасы Саба есімді бір әмірін жіберді.

Оң хан оған көңіл бөліп, қамқорлық жасап, оны Сабамен бірге қайтарды. Жолда кенеттен дүниеге ұл туылды, осы себептен оны Жошы (Жолшы) деп атады... (Жошы) өскен кезде, ол әрдайым әкесіне еріп жүрді және сәттілік кездерде де, қиындық кездер де үнемі оның жанында болды[15].

Тарихшы Зардыхан Қинаятұлы: «А.Жувеини, Н.Березин, Д.Оссон, Ш.Нацагдорж, Б.Сайшаал, В.Владимирцев, Әбілғазы бәрі-бәрі «Меркіттерге қолға түскен кезде Бөрте жүкті еді», – деп жазады»[16] деген дерек келтіреді.

Тұтас тарихтан қарағанда Шыңғыстың да, түркінің де жауы болған ішкі-сыртқы күштер «іштен ірітуді» Жошының күдікті тағдырынан іздеуге итермелеп келді. Бұл жайында М.Мағауин: «Жошыға қа-

тысты жала, өсек қайдан туған? Бұл – Батыс тарихшыларының қайткенде де Шыңғыс ханға көлеңке түсіру ниетінің кезекті бір көрінісі. Жауыз Шыңғыс ханның алғашқы, үлкен ұлы Жошы өзінен тумапты! Көлеңнен жабысқан жолдыбай екен! Атының өзі айтып тұр! – деседі. Ал жолда тусын. Көшпенді жұртта аттың жалы, түйенің қомында кім тумаса бір шұңқырдан табылатын?»[17] дейді.

«Жошы хан Шыңғыс ханның бұйрығына сәйкес, әркез жорықтарда жүрді. Көптеген аймақтар мен қалаларды азат етіп, бойұсындырды (содан мол әскери тәжірибеге ие болды»[18].

Жоғарыдағы жолдардан Жошы мен әкесі арасындағы байланыстың еш көлеңкесіз «сәттілік кездерде де, қиындық кездерде үнемі» бірге болғандығын көреміз. Әке-балалық қана емес, әскери өнердегі ұстаз-шәкірттік қатынасты да айғақтайды. Қазақтар сөзімен айтқанда: «тірі болса бір төбеден, өлі болса бір шұңқырдан табылатын» жақындықпен қан кешкен кешулерді бірге өткереді.

Тіпті әкесі ұлы Жошының үйленуіне де ерекше көңіл бөледі. «Оның балалық шағында және жігіттік уақытының басында-ақ Шыңғыс хан оған Оң ханның жиені (әсілі інісі – ред), Жағамбудың қызын атастырып берді. Оның аты Биктутмиш фузин (Бектұмыш фузин) болатын. Ол Шыңғыс ханның әйелі Ибака бикенің сіндісі, әрі Төле ханның әйелі Сұрғактан бикенің (әпкесі) болатын. Ол Жошы ханның бәйбішесі болды[19].

Осы жолдардан көрінгеніндей Тұғырыл хан оған немере қызын береді. Бұл кез- Шыңғыстың атуына қоймаған, Тұғырылдың дүрлендеп тұрған шағы. Олай болса Жошы «жолда туған шата болса» Тұғырыл хан оған орда ханшаларының бірі Биктутмиш фузинді (Бектұмыш фузин) бермес те еді. Бұл Тұғырылдың олардың әкесі-ектік лауазымына деген сенім мен құрметі ғана емес, Жошыны таза хан тұқымы ретінде қабылдағандығында да болып отыр. Және де Биктутмиш фузиннің (Бектұмыш фузин) Жошы ханның бәйбішесі болғанына назар аударсақ, орда ішінде оның ықпалды адам болғаны аңғарылады.

Жәди ШӘКЕНҰЛЫ,
жазушы-тарихшы.
Қазақстан жазушылар одағының, Еуразия жазушылар одағының мүшесі.
Материал «АВАІ.kz» сайтынан алынды.



ЖАМБЫЛ МҰРАЖАЙЫНАН БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Жамбыл ауданында да қызу қолдау тапты.

Акция туралы халықты алдын ала құлақтандыру мақсатында Қарғалы және Ұзынағаш ауылдарындағы 4 ЛЕД-экраннан ақпарат

тарап, 10 ауылдық округте баннер ілінген болатын. Сондай-ақ, жергілікті баспасөз бетінде шараның басталғандығы жайлы мақала жарық көрген еді. Сондықтан тазалық акциясына әртүрлі мекеме-ұйымдармен қатар тұрғындар да көптеп атсалысты.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бізге берген мәліметі бойынша, сәуір айының 8-і мен 14-і аралығында өткен «Таза өлке» апталығына аудандағы барлық 61 елді мекеннен 28 мыңнан астам адам қатысып, 140

мекеме, 1498 орта және кіші кәсіпорын атсалысты. Осы күндері тазалау жұмыстарымен 230 көше, 70 шақырым арық, 120 шақырым жол, бірнеше спорттық алаңдар мен үй жанындағы аулалар қамтылды. Бұл жұмыстарға 75 бірлік техника қолданылып, 91 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Сонымен қатар 1675 түп ағаш отырғызылды.

Атқарылған жұмыстар туралы ақпарат аудан, ауылдық округ әкімдіктерінің, мекеме, бөлімдердің әлеуметтік парақшаларына салынды.

Ал «Киелі мекен» апталығы жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың мемориалдық музейінен бастау алды. Аудан әкімі Нұрлан Ермас қатысқан шараға ауданның зиялы қауым өкілдері, мәслихат депутаттары, мәдениет қызметкерлері, жастар мен еріктілер белсене атсалысты. Олар мұражай ауласын, ақын ескерткішінің айналасын тазалап, арық аршып, мұражай саябағына 30-дан астам қарағай ағашының көшетін отырғызды. Ігілікті істі атқарғандар арасында Күмісжан Байжан, Рәтбек Терлікбаев, Гүлнәр Өмірзақова, Әуелбек Ысқақов сияқты ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналистері, суретші, ақын-жазушылар қолдарына күрек алып, ортақ шаруаға үлестерін қосты. Сондай-ақ, Жамбыл ауылының тұрғындары ақын атындағы көшеде тазалық жұмыстарын жүргізді.

Дәл осындай жұмыстар шалғайдағы Қарабастау ауылы маңында орналасқан «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайында жалғасты. Аудан орталығынан ат арытып арнайы келгендер мұнда да аталған киелі



мекеннің аумағын тазартып, ағаш көшеттерін екті.

Жалпы Жамбыл ауданында «Таза Қазақстан» акциясы асында 11 мамырға дейін 775 іс-шара ұйымдастырылмақшы. Оған 41181 адам, 239 мекеме, 520 кәсіпорын қатысады. Нәтижесінде, 568 көше, 35 өзен, 11 көл, 47 спорттық алаң, 51 ескерткіш, 141129 үй жанындағы аула қамтылып, 5143 түп ағаш егіледі деп күтіліп отыр.

Серік САТЫБАЛДИЕВ
Жамбыл ауданы



Салауатты өмір салты

АУЫЛДА ӨТКЕН СПОРТ ДОДАСЫ

Биыл тұңғыш рет Қазақстан халқының Наурыз мейрамын тойлау туралы Наурызнамасының онкүндігіне сәйкес Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Жапек батыр ауылындағы №36 орта мектебінде “Ұлттық спорт” атты мерекелік іс-шара болып өтті.



Іс-шараға ауылымыздың құрметті ақ жаулықты аналары, қадірменді қариялары, мектеп оқушылары, басқа округтен келген қонақтар, сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ауданымыздың құрметті азаматы Исаев Әмзе Әлдибекұлы, округтегі аналар кеңесінің төрағасы Құлымбаева Гүлжан Дәуітқұлқызы, ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданымыздың құрметті азаматы Бақтыбаев Рүстем Қожанепесұлы, округ әкімінің орынбасары Қасымбеков Бахтияр қатысты.

арқан тартысу бойынша №4 орта мектеп, тоғыз құмалақ ойынынан №19 орта мектебі жүлдегер атанса, қол күресінен Қани Рахман, бес тастан Тілепберген Индира, бір қолмен гир тасын көтеруден Жұматов Асылхан, қос қолмен гир тасын көтеруден Абдухалықов Қуаныш, қазақ күресінен Болат Ерсайын, түйе палуандар арасынан Рысдаулет Мәулен, қой көтеруден Айболұлы Махамбет оза шауып, бәйге алды.

Ал түйе палуан атанған Рысдаулет Мәуленге және Айболұлы Махамбетке бір-бір қой тарту етілді. Мерекелік іс-шараның ұйымшылдықпен жоғары деңгейде өтуіне өзіндік үлес қосқан мектеп директоры Айдарқұлов Жанайдар Болысбекұлының еңбегін де атап өткен жөн. Іс-шараға жиналған көпшілік ризалық ниетпен тарасты.

Сөз кезегін алған Әмзе Әлдибекұлы өз сөзінде «Ұлттық ойындар» жастарға мәдени патриоттық тәрбие берудегі ең тиімді құрал екенін айта келе, жастарды ұлттық спорт түрімен жүйелі түрде айналысуға шақырды. Іс-шара аясында асық ату, арқан тартысу, тоғыз құмалақ, қол күресі, бес тас, кір тасын көтеру (бір қолмен), кір тасын көтеру (қос қолмен), қазақ күресі, түйе палуан, қой көтеру спорт түрлері бойынша командалық және жеке-кей жүйе бойынша жарыс өтті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер округ әкімі Оңалбаев Жасұлан Шерәліұлының арнайы тағайындаған бағалы сыйлықтары және мақтау қағазымен марапатталды.

Даулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округіндегі ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы.
Іле ауданы.



Дәстүр

КАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ КАЛАЙ ӨТЕДІ?

(Жалғасы. Басы газетіміздің 4 санында 26 қаңтарда басылды)

АРЗАН ШАПАН, СЫЙМАЙТЫН КОСТЮМ-ШАЛБАР...
Бидайдың бара жері-диірмен, шапанның барар жері-сандық. ***

тық етпейді. Денесіне шақ емес киім тағы да өз орнын сандықтан табады. Мәселенің осы жағын ойластырған дұрыс па деймін.

ПАРОВОЗ ОЙЫНЫ НЕМЕСЕ ТОЙ МА, БАЛА БАҚША МА?
Қазақтың тойында үлкен кісілерден гөрі бала-шаға көп. Той соларға арналған ба? ***

Бір тойда асаба той басқарып жүріп, шегімен деп, артындағы үстелдердің арасында ойнап жүрген үш жасар қыз баланы байқамай қағып кетті. Шырылдап бала қалды. Шешесі жердегі баласын көтеріп жатып, «алдағы көзін көз бе,

тіркеліндер» деп, жинап, поездың вагонындай тіркелгендерді бос бөлмеге кіргізіп жіберіп, есігін сыртынан үстелмен бекітіп қойды да, тойын ары қарай жалғастыруға мәжбүр болды. Асабаның шешіміне риза болған жұрт қыран-топан күлкіге қарық болды да қалды. Балаларын бала бақшасына әкелгендей ойда жүрген кейбір ата-аналарды мүмкін осындай жолмен тәрбиелеп, санасын ояту керек те шығар.

Осы жағдай тағы бір ойларға жетелейтіндей. Заманға сай осы күндері тойды кафе-мейрамханаларда жасау үрдісі қалыптасып келеді. Демек, мұндағы тойдың өзіне тән ерекшелігі де бар екені анық. Қазақтың көңілі қанша кең болғанымен кафе-мейрамханалардағы әр орын сатулы. Демек, той иесі шақыратын адамын да қалтасына қарап шақырады. Біздің қазаққа ол жағын ескеру қайда, сығанның тобырындай сол тойға өздерімен қоса бала-шағасын ертіп апарды. Олар қайда отырады? Балалары үстел үстіне жаулап алса, қалған шақырылған жұрт қайда отырады? Оны ойлайтын адам жоқ. Құдай берген тегін дүниеге тап болғандай.

Алматы облысы Балқаш ауданында Айтмағамбет деген кісі баласына той жасап беріпті. Ертеңінде құрдастары: -Айтеке, тойың қалай өтті? - деп сұрапты. Айтекең тұрып: - Тойдың той сияғы болмады. Бала-шаға ішіп-жеп кетті. - деген екен. Сол кісі айтпақшы, той үлкен кісілерге емес, бала-шағаларға арналған той секілді. Той иесі «Бала-шағанды неге ертіп әкелдің?» деп сұрай алмайды. Бала-шағасымен келген қонақтың оған санасы да жетпей жатады. Бұл бала бақшадағы емес, үлкен мейрамханаларда болып жатқан той ғой. Тойға бара жатқан адам бір сәт осыларды ой-санасынан өткізсе деймін.

СИҚЫМБЕКТИҢ
Алтынбайы

Той төңірегінде әңгіме қозғалып жатқан тұста мына бір дүниені айтпай кетуге болмас. Құдаларға естелікке сый берген дұрыс-ау. Тойға келген сыйлы адамдарға шапан жауып, құдаларға киіп кигізу ісінде шикіліктер бар секілді. Шапан жабу – дәстүріміздің бірі, оны жоюға болмас. Дегенмен де заман талабына сай басқа сыйлықтар берсек те болатын секілді. Олай дейтінім елдің бәрі шапан киіп жүрсе бір сәрі, шапанды алған адам үйіне апарған соң лақтырып тастайтын анық. Басқа киімдері жеткілікті болған соң ол шапанның баратын жері-сандық. Сонда ол сыйдың қызығын, игілігін көрмесе, ондай шапан кімге керек? Оған кеткен ақшаға қонақтың талғамына жақындау басқа сый алса қонағын да мәз болмай ма?!

Киіптердің ішінде костюм-шалбарлардың да жүретінін көз көріп жүр. Алған адам ол киімнің үлкендігі сонша, ішіне күмп етіп, сүңгіп кетеді. Болмаса жеңі қысқа, сыймайтын киімді тыға салады. Қуаныш сыйлағын келсе, сыйынды дұрыстап, лайықтап сыйла. Мұндайда сый алатын адамның киімінің өлшем-размерін сұрап алған ар-



жара ма, қарамайсың ба, артындағы балаға?!» деп асабаға шүйліккені. Бұған не дейсіз? Әлгі асаба әлгі жағдайдан кейін бір сәт басқарып жатқан тойын жайына тастап, қасына сол тойда асыр салып жүрген жиырма шақты бүлдіршіндерді «паровоз» ойнаймыз, менің артымнан

Жүректі жарған жыр көңіл

КАМ КӨНІЛ, КАЙРАҢ КАЗАҒЫМ!

Тәтті өмір шырқы бұзылған,
Арман боп өмір бұрынғы.
Атырау, Батыс, Солтүстік,
Естідік жан кешті шуылды.

Қар ери өзен тасыған,
Арнадан асып жөңкіле.
Басталды солай топан су,
Бағынбай адам еркіне.

Нұқ суы басып маңайды,
Халықты үрей кернеген.
Адам да болды шығыны,
Әр ауыл, қала, әр жерден.

Токсан мың халқы Құлсары,
Жартысы көшкен жан-жаққа.
Ілінді елім осылай,
Топан су деген қармаққа.

Тірлігі қалды су асты,
Күнделік өмір, жан бағыс.
Ерікті көмек беруде,
Айтамын шындай мың алғыс.

Шығыны тәйір өтелер,
Қорқыныш қалар санада.
Осындай кезде керек-ау.
Жұбаныш тілеу адамға.

Көрмеген мүлде жай жатыр,
Қаперсіз күйде ой бөлмей.
Көмек қолын созындар,
Апат айтып келмеді-ей!

Су кетіп, орны тазарар,
Өлшенер апат шығыны.
Тарихта қалар зор қайғы,
Ұмыт боп бұл да бір күні.

Бірлігі бекем бауырлар,
Апатқа үлес қосындар!
Елжіреп көңіл қалсыншы,
Қам көңіл қандас бауырлар!

Ақындар ойын ақтарған,
Ана да салған айқайды.
Сабыр ед мұңлы қазағым,
Таратам көпке бұл жайды.

Өзекте тұрған өкініш,
Жақсылық сөзбен жұбансын.
Аздаған барса сәл көмек,
Сезініп, жақындық қуансын.

Сердалы САБЫРОВ.
15.04.2024 жыл.

Әдет-ғұрып

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖАСЫНА КАРАЙ АТАУЛАРЫ

1 жасқа дейін-нәресте, сәби
1 жастан 3 жасқа дейін-бүлдіршін
3 жастан 7 жасқа дейін-балауса
8 жастан 12 жасқа дейін-жеткіншек
13 жастан 15 жасқа дейін-жасөспірім
16 жастан 19 жасқа дейін-бойжеткен
20 жастан 30 жасқа дейін қыз/келіншек



30 жастан 40 жасқа дейін-әйел
40 жастан 50 жасқа дейін-отанасы
50 жастан 60 жасқа дейін-сары кідір әйел
60 жастан 70 жасқа дейін-апа/әже
70 жастан 80 жасқа дейін-ақбұрым
80 жастан 90 жасқа дейін-ақ үрпек ана
90 жастан жоғары-кейуана

Дайындаған
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сіқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200
Талсырыс №652
Индексі – 65472.